

Б.Ж. Санбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

e-mail: sanbaeva.balim@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ТҮРІКМЕН СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУ ҮДЕРІСІН КЕШЕНДІ ТАЛДАУ

Мақалада Қазақстан университеттерінде білім алып жатқан түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне әсер ететін факторлар жан-жақты әрі терең талданған. Қазіргі уақытта көптеген түрікмен азаматтары жоғары білім алу үшін, соның ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін таңдап отыр. Алайда, бейімделу процесі түрікмен азаматтарының бейтаныс елге үйренуде қиындықтарға тап болуына байланысты ұзаққа созылуы да мүмкін. Мақаланың мақсаты – Қазақстан университеттеріндегі түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үрдісінің ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу барысында талдау, жинақтау, сауалнама жүргізу әдістері қолданылды. Зерттеуде К. Роджерс пен Даймондтың психологиялық бейімделу шкаласы қолданылды. Эмпирикалық бөлімге Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биология және биотехнология, филология факультеттерінде оқитын 1-курс түрікмен студенттерінен құралған 170 студент қатысты. Мақалада түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық бейімделуінің ерекшеліктері көрсетілген. Нәтижесінде, оқу тілін жеткілікті деңгейде білмеу, жалғыздық, мәдени кедергілер мен қаржылық қиындықтар бейімделу барысында кездесетін негізгі қиындықтар ретінде анықталды. Статистикалық талдау нәтижесінде студенттердің жынысына және жасына қарай бейімделу деңгейінде елеулі айырмашылық жоқ екені анықталды. Зерттеу нәтижелері бейімделу процесін жақсарту бойынша нақты ұсыныстар мен бағыттарды ұсынуға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: түрікмен студенттері, бейімделу, әлеуметтік бейімделу, педагогикалық бейімделу, психологиялық бейімделу.

B. Sanbayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: sanbaeva.balim@mail.ru

Comprehensive Analysis of the Process of Socio-Pedagogical Adaptation of Turkmen Students in Kazakhstani Universities

The article presents an analysis of the factors influencing the socio-pedagogical adaptation of Turkmen students in Kazakhstani universities. Nowadays, many Turkmen citizens choose Kazakhstani universities for higher education, including Al-Farabi Kazakh National University. However, the adaptation process may be prolonged due to difficulties Turkmen students face when adjusting to a new country. The aim of the article is to identify the trends in the socio-pedagogical adaptation of Turkmen students at a university in Kazakhstan. The research employed methods such as analysis, generalization, surveys, and the psychological adaptation scale of K. Rogers and Diamond. The empirical part of the study involved 170 first-year Turkmen students from the Faculty of Biology and Biotechnology and the Faculty of Philology at Al-Farabi Kazakh National University. The article highlights the features of socio-pedagogical and psychological adaptation among Turkmen students. According to the results, the difficulties faced during adaptation include insufficient language proficiency, loneliness, cultural barriers, and financial hardships. Statistical analysis showed that there is no significant difference in the level of adaptation between male and female students, nor is there a statistically significant difference based on age.

Keywords: Turkmen students, adaptation, social adaptation, pedagogical adaptation, psychological adaptation.

Б.Ж. Санбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: sanbaeva.balim@mail.ru

Комплексный анализ процесса социально-педагогической адаптации туркменских студентов в университете Казахстана

В статье представлен анализ факторов, влияющих на социально-педагогическую адаптацию туркменских студентов в казахстанских университетах. В настоящее время многие туркменские граждане принимают решение о выборе казахстанских вузов для получения высшего образования, в том числе Казахского национального университета им. аль-Фараби, но процесс адаптации может затянуться под влиянием того, что у туркменских граждан возникают трудности с адаптацией к незнакомой стране. Цель статьи – выявить тенденции социально-педагогической адаптации туркменских студентов в университете Казахстана. В исследовании были использованы методы анализа, обобщения, опрос, шкалы психологической адаптации К. Роджерса и Даймонда. В эмпирической части исследования приняли участие 170 туркменских студентов первого курса, обучающихся на факультете биологии и биотехнологии и филологическом факультете Казахского национального университета им. аль-Фараби. В статье отражены особенности социально-педагогической, психологической адаптации туркменских студентов. Согласно результатам, в адаптации туркменских студентов выявлены трудности, которые связаны с плохим знанием языка на котором идет обучение, одиночество, культурные барьеры и финансовые трудности. В результате статистического анализа было установлено, что существенной разницы между уровнем адаптации студентов мужского и женского пола нет, и нет статистически значимой разницы адаптации по возрасту респондентов.

Ключевые слова: туркменские студенты, адаптация, социальная адаптация, педагогическая адаптация, психологическая адаптация.

Кіріспе

Қазіргі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі шетел студенттерінің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуі болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беру деңгейі өте қарқынды дамып келеді. Сол себепті шетел студенттері Қазақстандық жоғары оқу орындарын таңдап отыр. Оның ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетін таңдап отыр. Қазіргі уақытта Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде 2000-нан аса шетелдік студенттер оқиды. Осы жағдайда шетелдік студенттердің ғылыми – теориялық және практикалық көзқарастарымен әлеуметтік бейімделу және мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселесі өзекті болып отыр.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстанда оқитын түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін кешенді талдау деңгейін зерттеу.

Әдебиетке шолу

Осы тұрғыда, біз зерттеуімізді жүргізе келе, ең алдымен шетелдік студенттеріміздің психологиялық бейімделуін қарастырғанды жөн көрдік. Себебі, респонденттеріміздің өздерін индивид ретінде қалай көреді және әлеуметтік ортаға

бейімделудің осы фактордың маңызы зор екенін қарастырдық. Осы тақырыпта зерттеген ғалымдарымыздың бірі этнопсихологиялық зерттеулерінде Крысько (1999) әлеуметтік-педагогикалық бейімделу өзара индивид пен әлеуметтік орта әрекеттесу нәтижесі (процесі) ретінде ретінде анықталады деп көрсетіп кеткен.

Тақырыбымыз бойынша алдыңғы зерттеулерде көрсеткендей, әр түрлі психологиялық ұғымдар бейімделу мәселесін әр түрлі зерттейтіні анықталды (Аристова, 2003; Березин, 1988; Гриценко, 2004; Налчаджян, 1988). Әлеуметтік-педагогикалық бейімделу ұғымы АҚШ және Еуропа елдерінде кең зерттеліп таралуда. Мысалға, оны Чайка (2002) еңбектерінен көре аламыз. Бейімделудің екі анықтамасын көрсетеді: 1) жеке тұлғаның қажеттіліктері болса, бір жағынан, қоршаған ортаның қажеттіліктері, екінші жағынан, толығымен қанағаттандырылатын шарт ретінде көрсетеді. 2) бұл үйлесімді күйге жету процесі екенін айта отыра, шетел студенттерінің жеке тұлға ретінде қажеттіліктерінің, қоршаған орта қажеттіліктері қанағаттандырылған жағдайда бейімделу процесі тиімді жүретін болады. Чайка (2002) ұғымымен келіссек, Реан (2006) еңбектерінде көрсетілгендей, бейімделудің интеракционистік тұжырымдамасына сәйкес оның барлық түрлері ішкі психикалық және қоршаған орта факторларынан туындайды. Бірақ та негіз-

гі тиімді бейімделу ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ олар: а) «тұлғасыз» әлеуметтік-экономикалық қызметке бейімделу, ол жерде студент білім мен дағдыларды игереді білім мен құзыреттілікке ие болады. б) өзге адамдармен жақын, эмоционалды жақсы қарым-қатынас орнататын жеке қарым-қатынастардағы бейімделу және сәтті бейімделу үшін сезімталдық, адамның мінез-құлқының мотивтерін білу, қарым-қатынастағы эмоциялық жауаптылық (эмпатия) қабілеті қарым-қатынастағы өзгерістерге алып келеді. Басқа да психолог мамандар жоғарыда айтылған процесс ретінде бейімделу туралы айырмашылықтарын айтады. Тұлғаның жақсы бейімделуі, оның продуктивті болуы және өмірден ләззат ала-алатын, психикасы бұзылмаған тұлға болу керек екенін алға тартады. Украиналық және ресейлік психологтар мен психиатрлар әлеуметтік-психологиялық бейімделудің әртүрлі аспектілерін ажыратады. Мысалға Налчаджян (1988), әлеуметтік-психологиялық бейімделу – бұл сыртқы белсенді құбылыстардың мінез-құлқындағы ішкі өзгерістердің үдерісі және нәтижесі ретінде өмір сүрудің жаңа жағдайларына бейімделу және өзін-өзі өзгерту арқылы бейімделу болса. Нәтижесінде, әлеуметтік ортамен тепе-теңдік пайда болады деген пікірге келді. Ал Березин (1988) оны адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқының қоғам талаптарына сәйкес екенін айта отырып, жеке тұлғаның қазіргі қажеттіліктерін қанағаттандыруға және онымен байланысты мағыналы мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін процесс екенін көрсете отырып жоғарыда айтылған ғалымдардың ойымен келісетінін көреміз. Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық бейімделуі – бұл ұзақ уақыт бойы ішкі және сыртқы қатығыстарсыз іс-әрекеттерді тиімді жүзеге асыратын, олардың негізгі социогендік қажеттіліктерін қанағаттандыратын, оларға оңтайлы көзқараспен қарайтын жеке тұлға мен әлеуметтік орта арасындағы қарым қатынастардың осындай жағдайына әкелетін динамикалық процесс екенін Крысько (1999) еңбектерінен байқаймыз. Жоғарыда авторлардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуі туралы ойларын қорытындылай келе әр бір шетелдік студент әлеуметтік педагогикалық тиімді бейімделу үшін олар сыртқы және ішкі құбылыстардың өзгерістердің процесі және нәтижесі ретінде өмір сүрудің жаңа жағдайларына бейімделе алуы тиістігін көре аламыз.

Өмірлік практикада көріп отырғанымыздай критикалық процестерде респонденттердің әлеу-

меттік-педагогикалық бейімделуі, әсіресе бейтаныс білім беру орасында, әлеуметтік жағдайларға бейімделуі қиындайды. Тұлға мен олардың жаңа ортасының динамикалық өзара әрекеттесуін және жаңа ортасын, әлеуметтік-мәдени айырмашылық, психологиялық, педагогикалық деңгейі осы процестерді қамтитындығын көре аламыз (Павлюшкина және т.б., 2016).

Бұл тұста оқытушылардың шетел студенттеріне педагогикалық тұрғыдан тиімді қолдау көрсетуі бейімделу үшін маңызды. Нигматуллин және т.б. (2016) атап өткендей, шетел студенттерінде нақты білімді, білікті қалыптастыру және әр түрлі әлеуметтік домендер бойынша мән бағдарларын осы процеске ауыстыру керек деп атап өткендей. Осыған байланысты Садовая және Симонова (2016) әлеуметтік-педагогикалық кешен ретінде студенттерге арналған бейімделу процесін оңтайландыруға бағытталған түрлі компоненттермен қызметтерден тұратын құрылымдалған технологиялық тәсілдерді қолдайтынын айтады. Яғни шетелдік студенттердің тиімді бейімделу үшін оқытушының студентке деген қарым-қатынасы тікелей байланысты болады және оқытушының сабақ үстінде қолданын әдіс-тәсілдерінің де рөлі жоғары.

Бұдан басқа, Никитин (2022) бейімделуге байланысты зерттеулерінде оның әрі қарайғы рөлін көрсетіп, оқытушыларды кәсіби даярлау қажеттігін айқындады. Теориялық үлгілерді басшылыққа ала отырып қазіргі заманғы ғылыми негіздері мен әлеуметтік педагогтар тиісті әлеуметтік-педагогикалық технологияларды іріктеу және енгізу жөніндегі құзыреттерге ие болуға тиіс. Себебі қазіргі таңның талаптары бойынша әлем бойынша университет оқытушылары ағылшын тілінде сөйлей алғаны құпталады және осы оқытушы мен студент арасындағы тілдік кедергі ең маңызды бейімделудің көрсеткіштері болып табылады және шетелдік студенттермен жұмыс барысында қазіргі заманғы ғылыми негіздер мен тиісті әлеуметтік-педагогикалық технологияларды пайдаланғаны тиімді болады.

Зерттеулерге сәйкес, Қазақстанда бірінші курсқа түскен шетелдік және отандық студенттердің жаңа ортаға бейімделуде кездесетін қиындықтары бар. Шетелдік студенттердің тілдік, психологиялық, материалдық және мәдени айырмашылықтармен байланысты кедергілерді жеңіп, колледж студенттері оқу орнының талаптарына шыдай алмау, психологиялық және әлеуметтік қиындықтарды шешуде кедергілермен кездесуі мүмкін. Студенттердің жаңа ортада

тезірек бейімделуі үшін университет ортасы мен оқытушылардың жаңа жүйелі педагогикалық-психологиялық қолдауы керек. Оқу процесін студенттердің жеке дамуына сәйкестіру арқылы бейімделудің тиімділігін арттыру мүмкін, деген ғылыми зерттеулер бар (Мордвинцева & Антонов, 2025; Сағындық & Утегенова, 2019). Саралай келе, студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін дұрыс ұйымдастыру, тек білім алумен шектелмеген, сонымен қатар олардың тұлғалық және кәсіби дамуына да ықпал етеді. Университеттің жүйелі педагогикалық-психологиялық қолдауы студенттердің әлеуметтік қабілеттері мен кәсіби дайындығын арттырып, шетелдік студенттердің оқу іс-әрекетіне және арналған мамандыққа бейімделуіне, позитивті нәтижелерге жеткізеді.

Ғалымдардың жоғарыда айтылған тұжырымдары шетел студенттерінің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін арттыруға ықпал ететінін айқындайды. Әлеуметтік-педагогикалық бейімделу ол студент пен оқытушы арасындағы қарым-қатынас, тиімді технологиялар ғана емес бейімделуге көптеген факторларда әсер ететін айтатын боламыз олар мәдени айырмашылықтарын қарастыратын боламыз.

Шетел студенттерінің мәдениетаралық қатынастары үшін шетел студенттерінің әлеуметтік-мәдениетаралық қарым-қатынасы маңызды рөл атқарады. Бейімделудің бұл түрі шетел студенттерінің жаңа мәдени ортаға бейімделуде әлеуметтік нормалық қарым-қатынас стильдерін реттеуге көмектеседі.

Сәйкесінше, Науаз және т.б. (2020), шетел студенттерінің бейімделуіне көптеген тұлға аралық факторлар әсер етеді деп көрсетіп кеткен, яғни осы жерде жоғарыда айтылған психологиялық бейімделумен тығыз байланыста екенін көре аламыз. Оның ішінде олардың аккумуляцияға деген көзқарастары мен бейімделу процесінде бастан өткеретін аккумуляциялық күйзеліс те маңызды факторлар қатарында қарастырылады. Ал олардың кросс-мәдени капитал деңгейі – тілді меңгеруіне және алдын ала мәдениетаралық бейімделуіне әсер етеді. Бұл компоненттер сәтті бейімделуді жылдамадата немесе тежей алады.

Уилсн (2013) өзінің әр-түрлі корреляциялық талдауларымен әлеуметтік-мәдени бейімделуіне айтарлықтай үлесін қосты. Оның зерттеулерінде тек бейімделудің сыртқы әсерлеріне ғана назар аударылған жоқ, сондай-ақ, ішкі тұлғалық си-

паттарының мотивацияға әсер ету ерекшелігін қарастырды. Уилсн (2013) өзінің еңбектерінде шетел студенттерінің бейімделуіндегі ішкі және сыртқы факторларды қарастыра отырып, олардың мәдени айырмашылықтары әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне әсер ететінін атап көрсетеді.

Әр елдің инновациялық дамуын ескере отырып технологиялық перспективаны Оумани және т.б. (2015) компьютерлік қолдау көрсетілетін бірлескен оқыту (CSCL) орталықтарын пайдаланушылардың әлеуметтік-мәдени профильдеріне бейімдеудің инновациялық тәсілдерін ұсынып маңыздылығын атап өтеді. Олардың жұмысы шетелдік азаматтардың бейімделуінде цифрлық технологиялық жұмыстардың артып келе жатқанын көрсетеді. Қазіргі таңда көптеген жасанды интелекет бағдармаларын пайдалана отырып, шетелдік студенттерінің мәдени тілдік бейімделуін жеңілдете аламыз.

Жалғастыра кете **Боруа** (2016) зерттеуінде шетелдік студенттердің арасындағы әлеуметтік-мәдени бейімделу мен психологиялық дезадаптация арасындағы байланысты зерттеді. Алынған нәтижелер бойынша жаңа мәдениетке бейімделудегі қиындықтар студенттердің психикалық денсаулығы мен жалпы жағдайына айтарлықтай әсер етуі мүмкін екенін анықтады. Бейімделу процесінде эмоциялық және институционалдық қолдау көрсетудің маңыздылығын көрсету керек екенін айтып кетті.

Алдыңғы зерттеулер әлеуметтік-мәдени бейімделудің күрделі әрі сан қырлы екендігін дәлелдейді. Жаһандық білім беру және кәсіби ортадағы мәдениетаралық құзырлылықта, академиялық, психологиялық денсаулықта оның маңыздылығын растайтындығын және осы мәдени айырмашылықтар шетел студенттерінің әлеуметтік педагогикалық бейімделуін қиындатынын көре аламыз. Дегенмен мұндай қиындықтарды жаңа техникалар мен жасанды интелекті пайдалана отырып, жеңілдете аламыз. Мәдени айырмашылықтарды талдай келе, зерттеуімізде Түрікмен студенттерінің бейімделу ерекшеліктері де негізгі мәселе ретінде қарастырылды.

Алдыңғы ой-пікірлерге сүйене отырып, осы тақырып аясында Ресейде ауқымды зерттеулер жүргізілгенін аңғара аламыз. Түрікмен студенттерінің бейімделу ерекшелігін Ресейлік ғалымдардың зерттеуі бойынша Түрікмен студенттерінің Ресей Университеттерінде кейбір қиындықтармен бетпе-бет келсе де жақсы білім

алуға мүмкіндіктері бар деп пайымдап кеткен (Фатухова & Могучева, 2024).

Ең басты проблемалардың бірі – тіл білмеу. Көптеген Түрікмен студенттері тілдік кедергінің салдарынан дәріс және тәжірибелік сабақтарды түсінуде қиындықтарға тап болады. Осы қиындықтардың арқасында Түрікмен студенттері сыныпқа қосыла алмай, басқа студенттермен қарым-қатынасы қиындайтындығын атап өте кеткен.

Фатухова & Могучева (2024) өзінің зерттеулерінде ұсынып кеткендей, шетелдік студенттерге көмек көрсету үшін оқытушылар арнайы оқу құралдарын пайдалана алады. Мысалы олар:

1. Түрікмен-орыс сөздігі,

2. Тестілерді ана тіліне аудару,

3. Суреттер мен комикстер. Бұл әдістер студенттерді жақсы түсінуге және өздерін сенімді сезінуге көмектеседі.

Осы орайда электронды аудармашыларды, тіл үйрету бағдарламаларын және қазіргі таңда өзекті болып отырған жасанды интеллект мүмкіндіктерін де пайдалануға болатынын атап өткен жөн.

Апасова (2022) түрікмен студенттермен жүргізген зерттеулерінде көбінесе олардың сезіміне және тұрмыстық жағдайына аса назар аударатынын көре аламыз. Апасова (2022) айтуынша кейде олар сезінеді:

- жалғыздық, өйткені олардың үйі алыста болу себебі,

- қаржылық тапшылық та түрлі бейімделудің қиындықтарына алып келеді,

Мәдени айырмашылықтардың белгілерін Алексеев (2024) еңбектерінде де көрсете алды. Түрікмен студенттерін стреске немесе олардың көңіл күйін түсіретін оқу бағдарламасының қиын болуы түрікмен студенттерінің стреске тез түсіп кетуінің себебі екенін анықтады. Оларға қолдау және көмек көрсету үшін олардың мәдени ерекшеліктерін білу маңыздылығын атап өтті. Ковтун (2022) айтуынша жоғары оқу орындары жылы әрі мейірімді қарым-қатынасты пайдаланып, мәдени айырмашылықтарды түсінуі тиіс деп атап өтеді. Осы көмек түрі Түрікмен студенттерінің өздерін сыйлы және қамқорлықта сезінуге ықпал ете отырып, олардың әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне оң ықпалын тигізеді.

Сонымен қатар, тағы да қарым-қатынас маңыздылығын атап айтатын болсақ, университеттерде отандық және шетелдік студенттер арасындағы қарым-қатынас өте маңызды рөл

атқарады. Көп жағдайда университеттер отандық және шетелдік студенттерге арналған іс-шараларды бірге ұйымдастыра алады. Мысалға алғанда:

- мәдени іс-шараларға қатысу;

- командалық ойындарға тартылу;

- топтық жобаларды орындау.

Жоғарыда айтылған іс-шаралар студенттерге өздерін жайлы сезініп, дос табуға және әлеуметтік-педагогикалық бейімделуге көмектеседі (Алексеев, 2024).

Осыған байланысты, түрікмен студенттердің Қазақстандағы оқу процесі мен әлеуметтік ортаға бейімделуін зерттеу кезінде тек жалпы әлеуметтік-психологиялық факторларды қарастыру жеткіліксіз. Еліміздің мәдени ерекшеліктері – қазақ және орыс тіліндегі оқу материалдарына үйрену, дәстүрлі салт-дәстүрлер мен ұжымдық әдет-ғұрыптарға бейімделу, сондай-ақ түрлі этностар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті – маңызды фактор болып табылады. Сонымен қатар, әлеуметтік-нормативтік ерекшеліктерге студенттердің университеттік тәртіп, сыныптағы мінез-құлық нормалары және ресми рәсімдерге қатысты талаптарға үйренуі жатады. Оларды ескеру арқылы ғана студенттердің бейімделуін толық түсініп, оқу мен әлеуметтік интеграцияны тиімді қолдауға болады.

Жалпылай алғанда, егер университет тілдік, достық қарым-қатынас және мәдени ерекшеліктерін жақсартса онда Түрікмен студенттері оқу бағдарламаларын меңгеруі тереңдей түседі және Қазақстанда тиімді білім алуына кепілдік береді.

Жоғарыда айтылған ғалымдардың ойларын тұжырымдай келе әлеуметтік-психологиялық, мәдениет-аралық айырмашылықтар және Түрікмен студенттерінің бейімделу ерекшелігін айта келе осы факторлар әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне әсер ететін көре аламыз. Және жоғарыда айтылған тұжырымдарды Қазақстан университетіндегі түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін зерттеу барысында тәжірибеде ескеретін боламыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Биология және Биотехнология факультеті мен Филология факультетінде оқитын бірінші курс түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін зерделеуге бағытталған. Эмпирикалық әдіс ретінде

екі түрлі диагностикалық құрал пайдаланылды: зерттеуші тарапынан әзірленген авторлық сауалнама және К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделу шкаласы (<https://forms.gle/gLWiqxTadVeAoD4v6>). Авторлық сауалнамада мәдениетаралық, тұрмыстық, әлеуметтік және педагогикалық бейімделу көрсеткіштері қарастырылады, екінші әдістемеде респонденттердің эмоционалды тепе-теңдігі мен әлеуметтік ортаға үйлесімділігін бағалауға мүмкіндік береді (<https://forms.gle/FbLv8Hfk1m8vw5i58>). Мәліметтерді жинау процесі онлайн (Google Forms) форматында жүзеге асырылып, сандық деректер Python бағдарламасы арқылы өңделді. Талдау барысында сипаттамалық статистикалық әдістер мен корреляциялық байланыс деңгейлері қарастырылды. Зерттеу барысында шетел студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қолдау мақсатында әлеуметтік-психологиялық семинарлар, стресстің алдын алу тренингтері және түрікмен студенттерімен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Барлық қатысушылар зерттеуге өз еркімен қатысып, сауалнамалар жасырын түрде өткізілді.

Нәтижелері және талқылау


Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Биология және Биотехнология факультеті мен Филология факультетінде оқитын бірінші курс түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуінде туындайтын қиыншылықтарды зерттей отыра, авторлық сауалнама және К. Роджерс пен Р. Даймондтың әлеуметтік-психологиялық бейімделу шкаласы қолданылып оларға сауалнамада мәдени, тұрмыстық, әлеуметтік және педагогикалық бейімделу көрсеткіштері қарастырылады, және де екінші әдістемеде шетелдік студенттердің эмоционалды тепе-теңдігі мен әлеуметтік ортаға үйлесімділігін бағалауға мүмкіндік алдық. Барлық анкета мен сауалнама жауаптарын онлайн (Google Forms) форматында алынды. Алынған ақпараттарға сандық деректер Python бағдарламасы арқылы өңделді. Сауалнама түрікмен студенттердің тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, түрікмен тілінде алынды. Экспериментке қатысқан студенттердің жалпы саны 170 студент оның ішінде 85 студент Биология және Биотехнология факультетінің «6B05108-Биомедицина» тобы

болса қалған 85 студент Филология факультетінде оқитын бірінші курс түрікмен студенттері болды.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызына тоқталатын болсақ, түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді жұмыстардың тиімділігін көрсетті. Алдымен студенттер жатақханаға орналастырылып, нұсқаулық жүргізіліп, ішкі тәртіп ережелері мен Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарымен таныстырылды. Университет тарапынан ұйымдастырылған кездесулер мен құқықтық-нормативтік жиналыстар шетелдік студенттердің жаңа ортаға сенімді бейімделуіне ықпал етті. Тілдік бейімделу бағыты бойынша сөздіктер құрастыру, арнайы қазақ тілі бағдарламаларын енгізу, Univer жүйесін пайдалану және кураторлық-волонтерлік қолдау іс-шаралары жүргізілді. Сонымен қатар, әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қолдау аясында студенттердің жеке ерекшеліктерін диагностикалау, күйзелісті басқаруға арналған психологиялық тренингтер, мәдени-ағартушылық іс-шаралар және дөңгелек үстелдер өткізілді. Бұл жұмыстар студенттердің жаңа ортаға бейімделуін жеңілдетіп қана қоймай, олардың әлеуметтік, мәдени және академиялық тұрғыда табысты интеграциялануына жағдай жасады.

Зерттеу нәтижелері бойынша 170 респонденттің жынысына назар аударар болсақ, оны 1-кестеден көре аласыздар. Жыныс респонденттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу деңгейіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып есептеледі. Себебі олай деп отырғанымыз, гендерлік айырмашылықтар адамның психологиялық, әлеуметтік, және мәдени бейімделу процестеріне ықпал етіп, оның оқу және қарым-қатынас жасау дағдыларына әсер ету ықпалы бар. Сондықтан, жыныс белгісі зерттеудің маңызды компоненті болып табылады десек те болады, себебі бұл мәліметтер нәтижелерді талдауға қосымша түсінік беріп, зерттеу нәтижелерін шындай түседі және объективтілігін арттырады.

1-сурет – Сауалнамаға қатысқан студенттердің жынысы бойынша бөлінуі бастапқы нұсқада толық көрсетілмегендіктен, мәліметтерді нақтылау қажет болды. Бұл экспериментке әйелдер – 102, ерлер – 51, көрсетілмеген – 17 студент қатысты.



1-сурет – Сауалнамаға қатысқан студенттердің жынысы бойынша бөлінуі

Шетелдік студенттердің жыныстық ерекшеліктерін анықтау аса маңызды, өйткені жыныс факторлары олардың сәтті бейімделуіне ықпал етеді. Мұндай көзқарасты Маклаков және әріптестері (2020) өз зерттеулерінде негіздеп, оның маңыздылығын дәлелдеген. Біздің зерттеуімізде жыныстық ерекшеліктері айқындалды.

Келесі кезеңде зерттеуіміздің маңызды аспектілерінің бірі ретінде түрікмен студенттерінің жас ерекшеліктері қарастырылды. Бұл деректер шетелдік студенттердің бейімделу процесінде жас факторларының қандай рөл атқаратынын айқындайды. Студенттердің жас айырмашылығына байланысты олардың әлеуметтік және психологиялық бейімделу деңгейлерінде белгілі бір айырмашылықтар болуы мүмкін екендігін жоққа шығара алмаймыз.

Осыған байланысты, 1-кестеде қатысушы студенттердің жас мөлшері бойынша үлестірілуі көрсетілді. Бұл мәлімет алдағы талдау кезеңінде бейімделуге әсер ететін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады.

1-кесте – Жас айырмашылығы бойынша

Жас аралығы	Студент саны
18–20 жас	58
21–23 жас	42
24–26 жас	23
27 жастан жоғары	13
18 жасқа дейін	17
Жауап бермеген	17


Кестеден көріп отырғандаймыздай, көбінесе шетелден келетін студенттер жас шамасы 17–26 жас аралығы. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, түрікмен студенттерінің жас ерекшеліктері қазақстандық студенттердің жасымен шамалас келетінін көре аламыз. Бұл ұқсастық шетелдік студенттердің жергілікті студенттермен еркін қарым-қатынас орнатуына және бейімделу үдерісінің жеңіл өтуіне жағымды әсер тигізетін факторлардың бірі. Жастың сәйкес келуі олардың өзара қызығушылықтары мен коммуникациялық деңгейінің үйлесуіне ықпал етіп, академиялық және әлеуметтік ортада бір-бірімен тез тіл табысуына жақсы әсер етеді. Келесіде Түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне мәдениет аралық, тілдік, оқытушылармен қарым-қатынасын байланысын анықтау мақсатында авторлық сауалнаманың кейбір сұрақтары мен Р.Даймонд пен К. Роджерс психологиялық бейімделу сауалнамасының деңгейінің арасындағы байланысты анықтадық. Бірінші болып қарастырғанымыз ол тілдік кедергілердің бейімделуге ықпалы болды. Себебі тілдік кедергілердің болуы шетел студентінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін ұиындатады. Корреляциялық талдау нәтижесінде бұл екі айнымалы арасында айтарлықтай байланыс байқалмады (Spearman's $r = -0.027$, $p = 0.722$). Бұл студенттердің психологиялық бейімделу деңгейі олардың тілдік қиындықты қалай сезінетініне тікелей тәуелді емес екенін анықтадық. Түрікмен студенттерінің тілдік кедергісі болған жағдайда да ол олардың психологиялық-бейімделуіне кері әсерін тигізбейтінін көре аламыз. Осы аспекті-

де тілдік кедергілер шетел студенттерінің бейімделуіне әсер ететін факторлар кешенді және көпаспектілі екенін көрсетеді. Зерттеуде мәдени-айырмашылықтардың психологиялық бейімделуге ықпалы да анықталды, себебі жоғарыда айтылған ғалымдардың ойларын тұжырымдай келе ең маңызды аспекті екенін көре аламыз.

Осы аяда зерттеуіміздің корреляциялық талдау нәтижесінде бұл екі айнымалы арасында әлсіз оң байланыс байқалды (Spearman's $r = 0.077$, $p = 0.318$) осы айнымалылардың арқасында біз психологиялық-бейімделуге кей жағдайда әсер етуі мүмкін екенін көре аламыз. Бұл көрсеткіш аталған факторлардың психологиялық бейімделуге кей жағдайда әсер етуі мүмкін екенін аңғартады. Дегенмен, байланыс деңгейінің төмен болуы бұл әсердің тұрақты емес екенін және басқа қосымша айнымалылардың да бейімделу деңгейіне ықпал етуі ықтимал екенін білдіреді. Сондықтан бұл нәтиже студенттердің бейімделуін жан-жақты түсіну үшін қосымша факторларды зерттеу қажеттілігін айтады. Келесі қарастыратын мәселеміз ол тұрмыстық бейімделу яғни шетел студенттерінің жатақханаға және жатақхана бірге тұратын отандық студенттермен арасындағы қарым-қатынасының бейімделуге әсері. Және де шетелдік студенттерде жиі кездесетін қаржылық қиындықтары қарастырылды. «Жатақханада тұру ыңғайлы ма?» және «Бөлмедегілермен қарым-қатынас қиындық туғызбайды ма?» сұрақтары бойынша жүргізілген корреляциялық талдау нәтижелері бұл айны-

малылар мен психологиялық бейімделу деңгейі арасында айтарлықтай байланыс жоқ екенін көрсете алды ($r = -0.039$, $p = 0.611$ және $r = 0.060$, $p = 0.436$). Байланысты көре алмасақ та осы тұрмыстық жағдай бейімделудің басқа да факторларына әсер ететінін көре аламыз. Жоғарыдағы факторларды анықтай келе шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне оқытушылармен қарым-қатынасын қарастырдық. Қойылған сұрақтар бойынша корреляциялық талдау нәтижесі: сабақты түсіну ($r = 0.012$, $p = 0.878$), мұғалімнен қолдау алу ($r = -0.051$, $p = 0.505$), тілдік кедергі ($r = 0.016$, $p = 0.832$) бұл жерден біз әлсіз байланысты көре аламыз. Зерттеуіміздің салыстырмалы талдауына тоқталатын болсақ, шетел студенттердің гендерлік және жас ерекшеліктеріне байланысты (t-тест) бейімделу деңгейін салыстырдық. Статистикалық зерттеу нәтижесінде ер және әйел студенттердің бейімделу деңгейі арасында маңызды айырмашылық жоқ екені анықталды ($t = 0.10$, $p = 0.918$), және де жас ерекшелігіне байланысты статистикалық тұрғыда маңызды айырмашылық анықталған жоқ ($F = 1.39$, $p = 0.239$). Бұл зерттеуде Түрікмен студенттерінің бейімделуі жас және гендерлік ерекшеліктеріне ғана байланысты емес екенін көре аламыз.

Авторлық анкетадағы 10 сұрақ бойынша шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне қайсы фактор қатты әсер ететініне рейтинг жасалды оны 2-суреттен көре аламыз.



2-сурет – Шетелдік студенттердің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу факторлары

Талдау нәтижесінде бейімделуге оң әсер ететін негізгі факторлар берілді. Ең жоғары бағаланған сұрақтар ішінде: 1) оқытушылардың талабын түсіну, 2) педагогикалық ұжымның қарым-қатынасына қанағаттану, 3) оқытушылардан қолдау алу сияқты көрсеткіштер болды. Бұл – білім беру ортасындағы психологиялық және академиялық қолдау шетелдік студенттердің бейімделуіне маңызды рөл атқаратынын аңғартады.

Жоғарыдағы зерттеуімізді талдай келе Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Биотехнология факультеті мен Филология факультетінде оқитын бірінші курс 170 түрікмен студенттеріне әлеуметтік-педагогикалық бейімделуін анықтауға авторлық сауалнама мен К. Роджерс пен Даймондтың психологиялық бейімделу шкаласымен анықтауға мүмкіндік берді. Шетел студенттерінің бейімделуіне жоғарыда айтылған факторлар психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік, мәдениетаралық және түрікмен студенттерінің бейімделу ерекшеліктері бейімделуіне көп жағдай да әсер етпейтіні анықталды. Зерттеуіміздегі мәселелер жоғарыда айтылған авторлардың ойымен Реан А., (2016) бейімделуді тұлғаның қажеттіліктері мен орта талаптарының үйлесімділігі деп түсіндіреді, ал Чайка (2002) интеракционистік көзқарас негізінде бейімделу ішкі психикалық және сыртқы әлеуметтік факторлардың қиылысуынан туындайды деп есептейді. Осыған ұқсас көзқарасты Налчаджян (1988) және Березин (1988) еңбектерінен көруге болады.

Психологиялық бейімделу көрсеткіштері бойынша деңгейлері былайша бөлінді: 38% – жоғары, 47% – орташа, 15% – төмен. Корреляциялық талдау нәтижелері бойынша шетелдік студенттердің тілдік ерекшеліктер, қарым-қатынас қиындықтары, мәдениет аралық ерекшеліктері және сабақты түсінуі бойынша статистикалық тұрғыда маңызсыз байланыс бар екенін көрсетті (барлық $p > 0.05$).

Шетел студенттерінің жыныстық ерекшеліктерінің айырмашылықтары бейімделуінің (Маклаков және т.б. 2020) зерттеуінде айтып кеткендей айырмашылығы да маңызды емес болып шықты ($p > 0.05$). Бұл шетелдік студенттердің бейімделуіне жыныс пен жас факторы шешуші рөл атқармайтынын анықтады.

Сонымен қатар, визуализация нәтижелері көрсеткендей, студенттердің “ия” деп жауап берген ең жиі көрсеткіштері – оқытушылар мен түрікмен студенттерінің арасындағы қарым-қа-

тынас түсінікті болуы, педагогикалық ұжымның қолдауы және оқу тапсырмаларының орындалуына көмек көрсетуі. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің оқу ортасындағы қолдау жүйесінің тиімділігін дәлелдейді.

Түрікмен студенттерінің бейімделуіне қатысты Алексеев (2024), Фатухова & Могучева (2024), Апасова (2022), Ковтун (2022) сияқты авторлар жоғарыда тілдік, қаржылық, жалғыздық қиындық кесірінен мәдени тосқауылдар кездесетінін атап өтті. Бірақ та, жайлы университеттік орта, университет оқытушыларының қолдауы мен өткізілетін іс-шаралары шетел студенттердің бейімделуін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Зерттеуіміздің талдау бөлімінде көрсеткендей бейімделуге әсер ететін негізгі факторларды анықтай келе педагогикалық және әлеуметтік бейімделудің тығыз байланысын көрсетті. Жоғары оқу орны мен шетел студенттерінің тығыз байланысы және жүйелі іс-шаралар ұйымдастырылуы сәтті бейімделуге ықпал жасай алады.

Қорытынды

Бұл зерттеуде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделу үдерісін кешенді талданды. Психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік, мәдениет аралық, бейімделу ұғымдарының мәні қарастырылып және осы факторларды ескере отырып түрікмен студенттерінің мәдени ерекшеліктері қарастырылды. Тұрмыстық, тілдік ерекшеліктері, мәдениет-аралық, қаржылық, қоршаған ортамен және оқытушы мен қарым-қатынас ерекшеліктері туралы сипатталды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Биология және Биотехнология факультеті мен Филология факультетінде оқитын бірінші курс 170 түрікмен студентіне 3 ай көлемінде зерттеу жүргізілді және авторлық сауалнама мен психологиялық бейімделу шкаласы бойынша алынған деректер бейімделудің негізгі индикаторларын анықтады.

Корреляциялық талдаулар нәтижесі тілдік кедергілер, мәдени айырмашылықтар, тұрмыстық қиындықтар мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынас факторлары түрікмен студенттерінің әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне әсер ететінін көрдік. Статистикалық тұрғыда зерттеу нәтижелері ($p > 0.05$) байланысын көрсетті.

Зерттеуімізде шетелдік студенттердің гендерлік және жас ерекшелік айырмашылықтарын да зерттей отыра, олардың арасында әлсіз байланысты аңғардық. Және де, зерттеу Түрікмен студенттерінің бейімделуіне қатысты маңызды мәселелерді – тіл білмеу, жалғыздық, мәдени тосқауылдар және қаржылық қиындықтарды нақтылады. Университет тарапынан ұйымдастырылатын интеграциялық іс-шаралар мен педагогикалық қолдау олардың бейімделуін едәуір жеңілдететінін көрсетті.

Қорытындылай келе зерттеу нәтижелері түрікмен студенттерінің университеттік ортаға әлеуметтік-педагогикалық бейімделуіне тілдік ортаның, оқытушылармен жағымды қарым-қатынастың, жатақханадағы қолайлы жағдайдың және тұрақты психологиялық қолдаудың шешуші әсер ететінін көре алдық. Бұл факторлар әрқайсысы маңызды рөл атқаратынын біліп қана қоймай, сонымен бірге өзара тығыз сабақтаста екенін түсіндік олар: тілдік ортаға тиімді бейімделу студенттердің жаңа ортада еркін тілдесуіне жол ашып, оқу материалын меңгеруді жеңілдет-

се, оқытушылар тарапынан көрсетілетін қолдау мен түсіністік академиялық мотивацияны күшейтіп, білім алу нәтижелілігін арттыратуына ықпал етеді, сол сияқты, жатақханадағы қолайлы әлеуметтік-тұрмыстық жағдай студенттердің күнделікті тұрмыс күйзелісін азайтып, құрбыларымен бейресми ортада араласуына мүмкіндік береді, нәтижесінде олардың әлеуметтік ортаға сіңісуі жеңіл өтеді. Ал ұсынылатын психологиялық қолдау қызметтері жалғыздық сезімін төмендетуге және жеке тұлғалық қиындықтарды шешуге көмектесіп, эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз етілуі – бұл студенттердің жаңа білім беру жүйесіне деген сенімділігін арттырып, оқу үдерісіне белсенді қатысуына мол үлесін тигізеді. Осылайша, әлеуметтік және академиялық бейімделу тетіктері бір-бірімен өзара тығыз байланысып тұрғанын анықтап, бірін-бірі толықтыратыны анықталды. Жоғарыда аталған факторлардың барлығын кешенді түрде қолданған жағдайда ғана түрікмен студенттерінің университеттік ортаға сәтті әрі жан-жақты бейімделуіне мүмкіндік беретіндігі айқындалды.

Әдебиеттер

1. Alekseev, A. V. (2024). Features of adaptation of foreign students in the universities of the Republic of Tatarstan. *Journal of Modern Foreign Psychology*, 15(3), 112–125.
2. Apasova, M. V. (2022). Features of educational motivation of Chinese and Turkmen first-year students studying in Russian universities. *Psychological-Educational Studies*, 14(1), 49–62.
3. Boruah, A. (2016). A study on socio-cultural adaptation and psychological distress among international students using social support as a moderator. *International Journal of Education and Management Studies*, 6(2), 180–185.
4. Fatykhova, L. A., & Mogucheva, N. K. (2023). Sociocultural adaptation of Turkmen students in a Russian university. *Journal of Psycholinguistic Research*, 52(2), 345–357.
5. Kovtun, N. V. (2022). Intercultural communication in the multicultural academic context: Ethno-psychological features of Turkmen students. *Scientific Research and Development. Modern Communication Studies*, 11, 5–10.
6. Nawaz, F., Shafi, H., & Akhtar, S. (2020). Psycho-social predictors of acculturative stress and adjustment in Pakistani institutions. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 17(20), 7590.
7. Nigmatullin, I. A., Simonova, G. I., & Agathangelou, E. (2016). The content of pedagogical support of students' social adaptation. *International Electronic Journal of Mathematics Education*, 11(1), 243–254.
8. Nikitin, A. I. (2022). Professional training of social teachers for work in multicultural educational environments. *Modern Education*, 2(15), 34–41.
9. Ouamani, F., Nejari, A., & Chenfour, N. (2015). Management of socio-cultural knowledge using an ontology-based socio-cultural user profile in a computer-supported collaborative learning environment. *International Journal of Artificial Intelligence and Applications*, 6(2), 1–14.
10. Pavlushkina, T. V., Schepkina, N. K., Dvoryankina, E. K., Kazinets, V. A., Ledovskikh, I. A., Tabachuk, N. P., Shulika, N. A., & Ashrafullina, G. S. (2016). Pedagogical support of foreign students' social adaptation in Russian university. *International Review of Management and Marketing*, 6(2S), 69–75.
11. Sadovaya, V. V., & Simonova, I. N. (2016). Technological approach to supporting the adaptation of students in the educational environment. *International Journal of Environmental and Science Education*, 11(18), 11885–11895.
12. Wilson, J. (2013). Exploring the past, present, and future of cultural competency research: The revision and expansion of the sociocultural adaptation construct. *Unpublished doctoral dissertation, Victoria University of Wellington*.
13. Аристова, И. Л. (2003). *Общая психология. Мотивация, эмоции, воля: Учебное пособие*. Владивосток: ДВГУ.
14. Березин, Ф. Б. (1988). *Психическая и психофизиологическая адаптация человека*. Ленинград: Медицина.
15. Гриценко, В. В., & Шустова, Н. Е. (2004). Социально-психологическая адаптация детей русских переселенцев в российском обществе. *Психологический журнал*, 25(3), 17–25.

16. Крысько, В. Г. (Ред.). (1999). *Этнопсихологический словарь*. Москва: Московский психолого-социальный институт.
17. Маклаков, А. Г., Мельникова, Н. Н., & Петровский, А. В. (2020). Особенности адаптации иностранных студентов к процессу обучения в российском вузе.
18. Мордвинцева, И. Ю., & Антонов, А. А. (2025, February 11). Проблемы социальной интеграции иностранных студентов в вузах Казахстана. *DULATY UNIVERSITY хабаршысы*, 2(3), 45–52.
19. Налчаджян, А. А. (1988). *Социально-психологическая адаптация личности: Формы, механизмы, стратегии*. Ереван: Изд-во АН АрмССР.
20. Реан, А. А., Кудашев, А. Р., & Баранова, А. А. (2006). *Психология адаптации личности*. Санкт-Петербург: Прайм-ЕВРОЗНАК.
21. Сағындық, С., & Утегенова, Б. (2019). Жоғары оқу орны студенттерінің оқу үдерісіне бейімделу жағдайы. *Педагогика ғылымы студенттердің көзімен: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары* (157 б.). Қостанай.
22. Чайка, В. Г. (2002). Особенности социально-психологической адаптации студентов к обучению в вузе. *Инновации в образовании*, (2), 35–41.

References

- Alekseev, A. V. (2024). Features of adaptation of foreign students in the universities of the Republic of Tatarstan. *Journal of Modern Foreign Psychology*, 15(3), 112–125.
- Apasova, M. V. (2022). Features of educational motivation of Chinese and Turkmen first-year students studying in Russian universities. *Psychological-Educational Studies*, 14(1), 49–62.
- Aristova, I. L. (2003). *Obshchaya psikhologiya. Motivatsiya, emotsii, volya: Uchebnoe posobie* [General psychology. Motivation, emotion, will: Textbook]. Vladivostok: DVGU. (in Russian)
- Berezin, F. B. (1988). *Psikhicheskaya i psikhofiziologicheskaya adaptatsiya cheloveka* [Psychic and psychophysiological human adaptation]. Leningrad: Meditsina. (in Russian)
- Boruah, A. (2016). A study on socio-cultural adaptation and psychological distress among international students using social support as a moderator. *International Journal of Education and Management Studies*, 6(2), 180–185.
- Chaika, V. G. (2002). Osobennosti sotsial'no-psikhologicheskoy adaptatsii studentov k obucheniyu v vuze [Features of the social-psychological adaptation of students to study at university]. *Innovatsii v obrazovanii*, (2), 35–41. (in Russian)
- Fatykhova, L. A., & Mogucheva, N. K. (2023). Sociocultural adaptation of Turkmen students in a Russian university. *Journal of Psycholinguistic Research*, 52(2), 345–357.
- Gritsenko, V. V., & Shustova, N. E. (2004). Sotsial'no-psikhologicheskaya adaptatsiya detey russkikh pereselentsev v rossiyskom obshchestve [Social-psychological adaptation of children of Russian immigrants in Russian society]. *Psikhologicheskii zhurnal*, 25(3), 17–25. (in Russian)
- Kovtun, N. V. (2022). Intercultural communication in the multicultural academic context: Ethno-psychological features of Turkmen students. *Scientific Research and Development. Modern Communication Studies*, 11, 5–10.
- Krisko, V. G. (Ed.). (1999). *Etnopsikhologicheskii slovar'* [Ethnopsychological dictionary]. Moskva: Moskovskiy psikhologo-sotsial'nyy institut. (in Russian)
- Maklakov, A. G., Melnikova, N. N., & Petrovsky, A. V. (n.d.). Osobennosti adaptatsii inostrannykh studentov k protsessu obucheniya v rossiyskom vuze [Features of adaptation of foreign students to the learning process in Russian universities] (in Russian)
- Mordvintseva, I. Yu., & Antonov, A. A. (2025, February 11). Problemy sotsial'noy integratsii inostrannykh studentov v vuzakh Kazakhstana [Problems of social integration of foreign students in Kazakhstani universities]. *DULATY UNIVERSITY khabarsysy*, 2(3), 45–52. (in Russian)
- Nalchadzhan, A. A. (1988). *Sotsial'no-psikhologicheskaya adaptatsiya lichnosti: Formy, mekhanizmy, strategii* [Social-psychological adaptation of the person: Forms, mechanisms, strategies]. Erevan: Izd-vo AN ArmSSR. (in Russian)
- Nawaz, F., Shafi, H., & Akhtar, S. (2020). Psycho-social predictors of acculturative stress and adjustment in Pakistani institutions. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 17(20), 7590.
- Nigmatullin, I. A., Simonova, G. I., & Agathangelou, E. (2016). The content of pedagogical support of students' social adaptation. *International Electronic Journal of Mathematics Education*, 11(1), 243–254.
- Nikitin, A. I. (2022). Professional training of social teachers for work in multicultural educational environments. *Modern Education*, 2(15), 34–41.
- Ouamani, F., Nejari, A., & Chenfour, N. (2015). Management of socio-cultural knowledge using an ontology-based socio-cultural user profile in a computer-supported collaborative learning environment. *International Journal of Artificial Intelligence and Applications*, 6(2), 1–14.
- Pavlushkina, T. V., Schepkina, N. K., Dvoryankina, E. K., Kazinets, V. A., Ledovskikh, I. A., Tabachuk, N. P., Shulika, N. A., & Ashrafullina, G. S. (2016). Pedagogical support of foreign students' social adaptation in Russian university. *International Review of Management and Marketing*, 6(2S), 69–75.
- Rean, A. A., Kudashev, A. R., & Baranova, A. A. (2006). *Psikhologiya adaptatsii lichnosti* [Psychology of personality adaptation]. Sankt-Peterburg: Praym-EVROZNAK. (in Russian)
- Sadovaya, V. V., & Simonova, I. N. (2016). Technological approach to supporting the adaptation of students in the educational environment. *International Journal of Environmental and Science Education*, 11(18), 11885–11895.

Sağyndyq, S., & Utegenova, B. (2019). Joғary oqu orny studentteriniń oqu úderisine beımdelu jaғdaiy [Adaptation of university students to the educational process]. In *Pedagogika ғылымы studentterdiń kózimen: Halqaralyq ғылыми-praktikalyq konferentsiia materialdary* [Pedagogical science through the eyes of students: Proceedings of the International Scientific-Practical Conference] (p. 157). Qostanai. (in Kazakh)

Wilson, J. (2013). Exploring the past, present, and future of cultural competency research: The revision and expansion of the sociocultural adaptation construct. *Unpublished doctoral dissertation*, Victoria University of Wellington.

Автор туралы мәлімет:

Санбаева Балым – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасының PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: sanbaeva.balim@mail.ru)

Information about author:

Sanbayeva Balym – doctoral PhD student educational program «Social pedagogy and self-cognition», Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail:sanbaeva.balim@mail.ru)

Сведения об авторе:

Санбаева Балым – докторант PhD образовательной программы «Социальная педагогика и самопознание», Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: sanbaeva.balim@mail.ru).

Келіп түсті 06.05.2025

Қабылданды 01.12.2025